

FTAMP 10.27.25; 10.77.51

<https://doi.org/10.26577/JAPJ117120269>**А.А. Амангелді** 

Қонаев университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru

ПЛАГИАТ ЖӘНЕ ТЕҢ АВТОРЛЫҚҚА МӘЖБҮРЛЕУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Осы мақаланың шеңберінде авторлық құқықтың бұзылуына: плагиат пен тең авторлыққа мәжбүрлеуге ғылыми зерттеу жүргізілді. Плагиат деп айыптау жағдайлары айтарлықтай жиі кездесетініне қарамастан, «плагиат», «түпнұсқалық», «дәйексөз алу» терминдерінің заңнамалық анықтамасының жоқтығына назар аударған жөн.

Сондай-ақ мақалада ғылыми журналдар редакциясының саясаты шеңберінде рецензиялауға жіберілетін рецензенттерді мақалалардың тең авторы болуға мәжбүрлеу жағдайлары талданады. Автор рецензенттің осы әрекеттерін ҚР Қылмыстық кодексінің 198-бабына сәйкес авторлық құқықты бұзу деп есептеледі ме деген сұрақ қояды.

Мақаланың авторы өз құқықтары мен авторлардың заңды мүдделерін қорғау мақсатында сот лингвистикалық (филологиялық) және автортану сараптамаларын жүргізу туралы мәселелерді көтереді. Осы мәселелерді талдай отырып, автор бұл сын-қатерлерге жауапты азаматтық құқық доктринасы ғана емес, сот сараптамасы мен қылмыстық құқық та тұжырымдауға тиіс деген қорытындыға келеді. Осыған байланысты, автордың пікірінше, қылмыстық-құқықтық доктринада плагиат пен тең авторлыққа мәжбүрлеудің нақты түсінігін зерттеп дайындау керек, сондай-ақ плагиат пен тең авторлыққа мәжбүрлеу нәтижесінде авторлардың жеке мүліктік емес құқықтары бұзылатынын түсіну қажет.

Автор жеке мүліктік емес құқық ретінде авторлық құқығын қорғауға қатысты екі сот ісі пайда болуы мүмкін деген қорытындыны тұжырымдаған: 1) азаматтық, яғни авторлықты даулау туралы талап арыз беру және 2) қылмыстық, яғни авторлықты иемденіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу.

Түйін сөздер: плагиат, түпнұсқалық, алып пайдалану, мәжбүрлеу, тең авторлық, академиялық алаяқтық, ғылыми зерттеу, рецензент.

A. Amangeldy

Kunaev University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru

On the issue of plagiarism and coercion to co-authorship

In the framework of this article, a scientific study of copyright infringement has been conducted: plagiarism and coercion to co-authorship. Despite the frequent situations with accusations of plagiarism, however, attention should be paid to the lack of a legislative definition of the terms “plagiarism”, “originality”, “citation”. The article also analyzes cases of coercion of reviewers to co-author articles that are sent for review within the framework of editorial policy of scientific journals. The author raises the question whether these actions of the reviewer are considered copyright infringement in accordance with Article 198 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. The author of the article raises questions about conducting forensic linguistic (philological) and scientific examinations in order to protect their rights and legitimate interests of the authors. Analyzing these issues, the author comes to the conclusion that the answer to these challenges should be formulated not only by the doctrine of civil law, but also by judicial expertise and criminal law. In this regard, according to the author, a clear understanding of plagiarism and coercion to co-authorship should be developed in the criminal law doctrine, and it should also be understood that as a result of plagiarism and coercion to co-authorship, the personal non-property rights of authors are violated. The author concludes that two court cases may arise regarding the protection of the right of authorship as a personal non-property right.: 1) civil, that is, filing a claim to challenge authorship, and 2) criminal, that is, attribution of authorship or coercion to co-authorship.

The author of this article proposed to introduce administrative liability for plagiarism and coercion to co-authorship and, accordingly, editorial articles in the Code of Administrative Offenses of the Republic of Kazakhstan. In this regard, it is proposed to delete paragraph 1 of Article 198 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, which provides for the formal composition of a criminal offense.

Keywords: plagiarism, originality, borrowing, coercion, co-authorship, academic fraud, scientific research, reviewer.

А. Амангельды

Университет Кунаева, Алматы, Казахстан
e-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru

К вопросу о плагиате и принуждении к соавторству

В рамках настоящей статьи проведено научное исследование нарушения авторского права: плагиат и принуждение к соавторству. Несмотря на довольно часто возникающие ситуации с обвинениями в плагиате, тогда как следует обратить внимание на отсутствие законодательного определения терминов «плагиат», «оригинальность», «цитирование».

Также в статье анализируются случаи принуждения рецензентов к соавторству в статьях, которые направляются на рецензирование в рамках политики редакции научных журналов. Автором ставится вопрос, считать ли данные действия рецензента нарушением авторских прав в соответствии со статьей 198 Уголовного кодекса РК.

Автором статьи поднимаются вопросы о проведении судебной лингвистической (филологической) и автороведческой экспертиз в целях защиты своих прав и законных интересов авторов. Анализируя данные вопросы, автор приходит к выводу, что ответ на эти вызовы должна формулировать не только доктрина гражданского права, но и судебная экспертиза, и уголовное право. В этой связи, по мнению автора, в уголовно-правовой доктрине следует выработать четкое понимание плагиата и принуждения к соавторству, а также необходимо понимание, что в результате плагиата и принуждения к соавторству нарушаются личные неимущественные права авторов.

Автором сформулирован вывод, что в отношении защиты права авторства как личного неимущественного права может возникнуть два судебных дела: 1) гражданское, то есть подача иска об оспаривании авторства и 2) уголовное, то есть присвоение авторства или понуждение к соавторству.

Автором данной статьи предложено ввести административную ответственность за плагиат и принуждение к соавторству и соответственно редакция статьи в Кодекс РК об административных правонарушениях. В связи с этим предлагается исключить п. 1 ст. 198 Уголовного кодекса РК, где предусматривается формальный состав уголовного правонарушения.

Ключевые слова: плагиат, оригинальность, заимствование, принуждение, соавторство, академическое мошенничество, научное исследование, рецензент.

Кіріспе

Ғылыми зерттеулер жүргізу ғалымдар еңбегінің шығармашылық сипатына негізделген, ол плагиат, рецензиялау, жариялау және т.б. тұрғысынан тексерудің ресми рәсімдерімен сүйемелденеді.

Сонымен қатар, плагиат пен алып пайдалану деп айыптау жағдайлары жиі кездеседі, құқықтық реттеудегі олқылықтар авторлар, құқық иеленушілер мен өзге де тұлғалар арасында даулар тудырады.

Әдетте, авторлық құқықты бұзу азаматтық құқық пен азаматтық процестік заңнама шеңберінде келтірілген залал мен оның өтемақысының мөлшерін айқындай отырып қаралады. Алайда авторлық құқық саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар өзекті болып табылады.

Әдістер мен материалдар

Автор тұжырымдаған қорытындылар мен ұсыныстарға ғылыми әдістерді қолдану арқылы қол жеткізілді: формалды-логикалық, талдау және синтездеу, сипаттау және түсіндіру, бұл

осы мақаланың проблематикасын әділдікпен ашуға мүмкіндік берді.

Талқылаулар мен нәтижелер

Автор – шығармашылық еңбегімен зияткерлік меншік объектісін, осы жағдайда ғылым туындысын, атап айтқанда, ғылыми мақаланы жасаған жеке тұлға.

Қазіргі уақытта плагиатпен байланысты мәселелер әсіресе өзекті болып тұр, мәтіннің түпнұсқалығын және алып пайдалануды тексеруге арналған көптеген ЭЕМ бағдарламалары бар.

Бұзушылықтарды ажырату мақсатында зияткерлік меншік объектілерін заңсыз пайдалану плагиатқа жатпайтыны әбден айқын болып табылады, өйткені плагиат – бұл басқа біреудің зияткерлік еңбегін иемденіп алу, яғни қарақшылық немесе контрафакция емес, өзін басқа біреудің туындысының авторы ретінде көрсету деген нақты түсінік болуы тиіс. Яғни, бұл ажыратудың маңызды критерийі. Тең авторлыққа мәжбүрлеу де жоққа шығарылмайды, алайда осындай мәжбүрлеу және тең авторлардың әрқайсысының үлесін айқындау мүмкін еместігі нәтижесінде

плагият фактілерінің болуы да мүмкін, бірақ бұл мән-жай жеке дәлелденуге тиіс, ал тең авторлыққа мәжбүрлеудің өзін плагиятқа теңестіруге болмайды. Жоғарыда айтылғандардан Қазақстанның нормаларында келесіні анықтауға болады: «плагият» терминінің тікелей дефинициясының болмауына қарамастан, оны авторлықты иемденіп алу деп анықтауға болады (Кайшатаева, 2020, б.141).

Плагият құқық бұзушылықтар санатына жатады және зияткерлік құқықтарды бұзудың ерекше нысаны болып табылады, оның мәні басқа біреудің туындысына авторлықты иемденіп алудан тұрады (Мигачева & Амиршатян, 2016, бб. 41-43).

Сонымен бірге «плагият» терминінің заңнамалық анықтамасының жоқтығына назар аудару керек.

Алып пайдаланудың алдын алу шараларының бірі – плагиятты анықтау бойынша сапалы және әртүрлі бағдарламалық өнімдерді орнату және пайдалану (Кайшатаева, 2020,143).

Бірақ бұл бағдарламалар жетілдірілмеген, себебі дәйексөз алынған мәтінді Интернетке тегін қолжетімділікте орналастырылған тегін рефераттар мен басқа да еңбектер базаларында пайдаланылған жағдайда да алып пайдаланылған мәтін ретінде таниды.

Осыған орай А.К. Қайшатаевамен келісіп, «плагият», «түпнұсқалық» және «дәйексөз алу» ұғымдарын анықтаған жөн (Кайшатаева, 2020, б.142).

Кез келген еңбек түпнұсқа, шығармашылықтың нәтижесі және қайталанбас болуы тиіс екенін бәріміз де түсінеміз.

Мәтіннің түпнұсқалығы (бірегейлігі) деп жаңа идеяларды, көзқарастарды, теорияларды және ой қорытындыларын қамтитын зияткерлік қызметтің қайталанбас еңбегі түсініледі. Сондай-ақ, басқа біреулердің зияткерлік қызмет еңбектерін пайдаланған кезде сілтемелерді пайдалану қажет екені айтылған (Арутюнов & Улитин, 2017, б.146).

С.В. Михайловтың пікірі қызық, ол авторлық құқық объектілерінің шығармашылық сипатының (түпнұсқалығының) презумпциясы Ресей заңында тікелей көрсетілмеген, бірақ өзінің шығармашылық еңбегімен туындыны жасаған азамат танылатын автордың бейнесіне арналған нормаларды жүйелі түсіндіруден шығады деп санайды, бұл «шығармашылық сипат» және «түпнұсқалық» ұғымдарының бірдейлігін білдіреді (Михайлов, 2021, б.11).

Американдық іс-тәжірибе Feist ісі бойынша ұсынған тәсіл туындының түпнұсқалығын автордың дербес зияткерлік туындысы ретінде анықтауға қатысты Inforaq ісі бойынша Еуропалық Соттың ұстанымына сәйкес келеді (Михайлов, 2021, б.19).

Яғни, түпнұсқалық оның жасаушысының шығармашылығының бірегейлігін, шығармашылық зияткерлік қызмет нәтижесіндегі түпкі ойдың қайталанбастығын білдіреді.

Плагият құқық бұзушылықтар санатына жатады және зияткерлік құқықтарды бұзудың ерекше нысаны болып табылады, оның мәні басқа біреудің туындысына авторлықты иемденіп алудан тұрады (Мигачева & Амиршатян, 2016, бб.41-43).

Плагият әрқашан басқа біреудің авторлығын, бұл ретте туындының барлық бөлігін де, оның жекелеген бөлігін де немесе бөліктерін де иемденіп алумен байланысты.

Және біз «плагияттың әрекеті әрқашан қасақана болып табылады, сондықтан «плагият» ұғымының критерийін құрай алмайды, өйткені плагиятты басқа да ұқсас ұғымдардан ажыратуға қызмет етпейді» деген пікірмен келісеміз (Витко, 2017, б.11).

Плагияттың үш негізгі нысаны ерекшеленді: 1) өз мәтінде басқа дереккөздің үзіндісін тырнақшасыз және дереккөзге толық сілтемесіз тікелей көшіру. Үзіндіні толық сілтемесімен, бірақ тырнақшасыз тікелей көшіру де плагият болып саналады. Сөзбе-сөз плагият жағдайында алып пайдаланылған үзіндінің мөлшері кез келген болуы мүмкін. Егер сөйлем күнделікті тілдің элементі болып табылмаса және нақты авторға есептелуі мүмкін болса, жеке сөйлемді алып пайдалану да плагият болады. 2) егер бұл ретте дереккөзге толық сілтеме берілсе де, басқа дереккөздің үзіндісін баяндау құрылымын сақтай отырып бастапқы мәтіндегі кейбір сөздерді ауыстыру жолымен жүзеге асырылатын барабар емес қайта баяндау. 3) барабар, бірақ идеяларды алып пайдалану дереккөзін көрсетумен қоса жүретін қайта баяндау (Корбут, 2013, б.151)

Бірақтар авторлар плагият деп жеке тұлғаның басқа біреудің шығармашылық еңбегінің қорғалатын нәтижелерін қасақана заңсыз пайдалануын немесе басқа адамдарға өзі туралы шынайы автор ретінде жалған мәліметтер жеткізумен қатар жүретін билік етуін түсіну керек деп санайды (Бобкова и др. 2016, б.31).

Адал автор өзінің ғылыми зерттеуін жүргізе отырып, қолда бар теориялық және эмпи-

рикалық базаға сүйене отырып, авторды, оның туындысы мен қайнар көзін белгілеуге міндетті болып көрінеді.

Дәйексөз алу – бұл өз зерттеуінде басқа зерттеушінің еңбегіне сілтеме жасау процесі. Бұл басқа зерттеушінің еңбегінен мәтіннен, суреттен немесе кестеден дәйексөз кірістіру арқылы, сондай-ақ пайдаланылған көздер тізімінде осы еңбекке сілтеме беру арқылы жасалуы мүмкін (<https://publ.pl/ru/>). Бұл ретте дәйексөз алу, әдетте, қолда бар пікірлер мен көзқарастарға сілтеме беру арқылы ғылыми ізденіс тақырыбын ашу мақсатында пайдаланылады және толық заңды болып табылады, ең бастысы, бұл ретте дәйексөз алу қағидаларын сақтау керек.

Ғылыми дәйексөз алу – зерттеулердің қажетті атрибуты, бұл ретте дәйексөз көзін және оның авторын, сондай-ақ туындының өзін көрсету басты қағида.

Қазіргі уақытта Қазақстанның жоғары оқу орындарына қойылатын негізгі талап жоғары жариялау белсенділігін қамтамасыз ету болып табылатынын және осының бәрінде түпнұсқалық, алып пайдалану, дәйексөз алу және плагиат ұғымдары заңнама нормаларында көзделмегенін атап өткен жөн, бұл даулы жағдайларда айқындылыққа ықпал етпейді және тіпті академиялық алаяқтыққа қолайлы жағдайлар жасауды жалғастырады.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ұсыну үшін зерттеушілер ғылыми мақалалар жасайды, содан кейін олар ғылыми журналдардың редакциясына жіберіледі. Жариялау белсенділігін көрсету оқытушының мансабында елеулі рөл атқарады, алайда іс жүзінде бұл процесс бірқатар қиындықтар туғызуы мүмкін.

Мысалды қарастырайық.

Автор өз мақаласын ғылыми журналға жібере отырып, ол тап болуы мүмкін тәуекелдерді түсінуге тиіс. Мысалы, журнал редакциясының қағидалары бойынша мақала соқыр рецензиялауға жіберіледі, бұл авторы көрсетілмей жіберілген мақаланы сол мақаланың тақырыбы жөніндегі маман рецензент оқиды және мақаланың грамматикасы, стилистикасы және мазмұны бойынша, мысалы, мақалада қозғалған мәселелер мен проблемалар бойынша әртүрлі көзқарастар туралы өз ескертулерін жасайды деген сөз. Логика және жалпы қағида бойынша, ғылыми қоғамдастықта қабылданғандай, рецензент, оның пікірінше, мақаланың мазмұнын жақсарту мақсатында жасау қажет ескертулері мен ұсынымдарын береді. Авторға рецензенттің пікірін на-

зарға алу, мақаланың мәтініндегі ұсыныстарды ескеру ұсынылады. Әдетте, көпшілігі солай істейді. Бұл жерде мұндай рецензентті ол рецензиялаған мақаланың тең авторы деп санауға бола ма деген орынды сұрақ туындайды, бұл сұраққа жауаптардың нұсқалары әртүрлі болуы мүмкін және көбінесе басылым редакциясының саясатына байланысты болады.

Журналдардың бірінің редакциясының қағидалары бойынша бұл міндетті болып табылмайды, өйткені рецензент бұрын жасалған авторлық құқық объектісіне өзінің кәсіби сын пікірін ғана береді және автор өз көзқарасын қорғауға және маманның пікірін ескермеуге құқылы.

Рецензент тек қана ескертулер мен ұсынымдар беріп қана қоймай, басқа біреудің еңбегінің мазмұнын қайта өңдеп, сол арқылы рецензияланған мақаланың мағынасы мен мазмұны бойынша жаңа белгілі бір құрамдас бөліктерін көрсететін жағдайлар да кездеседі. Рецензент өз құзыретінің шегінен шығып кеткендей көрінеді, өйткені оның міндеті басқа біреудің ғылыми еңбегін қайта жазу емес, рецензияға ұсынылған мақалаға баға беру ғана.

Мақала, мысалы, мемлекеттік қазақ тілінде жазылған болып, ал рецензент мемлекеттік тілді жеткілікті кәсіби деңгейде білмей, автордың мақаласының мағынасы мен мазмұнын толық түсінбей, дегенмен, рецензияланатын мақаланың деңгейі, мағынасы мен мазмұны жөнінде сыни ескертулер жасайтын жағдайлар да жиі кездеседі. Оның үстіне, рецензент өзінің ескертулері мен ұсынымдарын рецензияланатын мақаланың тілінде білдірмейді. Сонда осындай рецензенттің пікіріне құлақ асуға бола ма?!

Оның үстіне, мұндай рецензент бұл мақаланы немесе оның үзіндісін өзі жазды және осы мағынада ол рецензентке ғана емес, мақаланың тең авторына, тіпті авторына да айналады деп есептей бастайды. Мұндай жағдайда рецензент осы мақаланың авторына авторлық туралы өз талаптарын қоя бастайды, бұл көбінесе плагиат фактісі бойынша сотқа жүгінемін деп қорқытумен қатар жүреді. Бұл басылым редакциясының қағидаларына сәйкес материалды баспасөзге қабылдау үшін міндетті болып табылатын соқыр рецензиялау шеңберінен шығатыны түсінікті болады. Осылайша, ғылыми еңбектің нағыз авторы рецензенттің сот талқылауларымен қорқыту арқылы авторды мақаланы тең авторлықта жариялауға мәжбүрлейтіндігіне тап болады. Рецензенттің бұл әрекеттерін ҚР Қылмыстық кодексінің 198-бабына сәйкес тең авторлыққа

мәжбүрлеу деп саралауға болады деп есептейміз.

ҚР Қылмыстық кодексінің 198-бабының 1-тармағына сәйкес, авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, сол сияқты авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналарын өткізу мақсатында иемдену, сақтау, алып өту немесе дайындау не авторлықты иемденіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу.

Мұндай жағдайдың дамуы екі нұсқада мүмкін. Бірінші жағдайда автор сот дауларын қаламай, бәлкім, бедел тәуекелінің себебінен де, келіседі және мақаланы рецензентпен тең авторлықта жариялайды. Бас тартқан жағдайда таңдаудың салдары анық, дау құқықтық жазықтыққа өтеді, оған біз төменде тоқтаймыз.

Мұндай сын-қатерлерге жауаптар азаматтық құқық нормаларымен қарастырылуы тиіс, онда «плагиат» ұғымының өзі, оның жосықсыз авторлар үшін салдары және рецензенттердің жосықсыздығы ескерілуі тиіс, олардың міндеті, біздің ойымызша, ұсынылатын мақалаларды қайта өңдеу немесе пысықтау емес, олардың мазмұны мен сапасын сыни бағалаумен ғана шектеледі. Бұл қағида ғылыми журналдардың редакциясының жариялау қағидаларында көзделуге тиіс.

Біріншіден, азаматтық құқық доктринасы кейіннен заңнамаға енгізу мақсатында плагиат ұғымын әзірлеуге назар аударуы тиіс. Екіншіден, азаматтық заңнаманы реформалау барысында плагиат үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік тетігі әзірленуі тиіс. Бұл плагиат ұғымдарын ғана емес, сонымен қатар иемденіп алу нысандарын, азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түрлерін және мөлшерін қамтитын нормалар жүйесін әзірлеуді көздейді. Үшіншіден, авторлық құқық автордың иеліктен шығарылмайтын мүліктік емес құқықтарының қатарына жататынын, сондай-ақ авторлықты иемденіп алу кезінде авторға келтірілген зиян мүліктік емес сипатқа ие екенін түсіну азаматтық құқықтағы плагиат институтын әзірлеудің тұжырымдамалық негізі болуға тиіс. Мүліктік зиян автордың айрықша құқықтары бұзылған кезде болуы мүмкін (Мигачева, Амиршатян 2016: 41-43).

Екінші нұсқаны қарастырайық.

Мақаланың авторы рецензенттің тең авторлықты мәжбүрлеу туралы қорқытуына бәрібір бағынбайды және өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін сотқа дейінгі тәртіппен қорғау мақсатында лингвистикалық (филологиялық) және

автортану сараптамасын жүргізу туралы өтініш жасайды.

Атап өту керек, бұл екі түрлі сараптама, филологиялық немесе лингвистикалық сараптамалар, мысалы, осы жағдайда ұсынылған және дауланып жатқан мақалалар мәтіндерін анықтайды және салыстырады.

Сот автортану сараптамасын тағайындау қажеттілігі басқа біреудің авторлық туындысын иемденіп алу немесе заңсыз пайдалану фактісін, Интернет-коммуникация мәтіндерінің, sms-хабарламалардың авторын анықтау үшін арнайы филологиялық білім қажет болғанда туындайды (Ермолова, 2011, б.42).

Сараптама қызметі «Сот-сараптама қызметі туралы» ҚР 2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI Заңына және «Сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 484 Әділет министрінің бұйрығына (бұдан әрі – Бұйрық) сәйкес жүзеге асырылады.

Бұйрықтың 3-параграфына сәйкес сот автортану зерттеуі жүргізіледі, оның мәні – құжаттың авторы мен оның мәтінін жасау жағдайын туралы нақты деректерді анықтау болып табылады. Сот автортану сараптамасының объектілері ретінде құжаттардың қолмен жазылған және машинкада басылған мәтіндері қызмет етеді. Автортану зерттеуінің тікелей объектісі жазбаша сөз болып табылады. Міндеттер сәйкестендірушілік (ұқсастықты анықтау немесе теріске шығару), диагностикалық (мәтінді жасау жағдайын және автордың психофизиологиялық күйін анықтау), сондай-ақ автордың әлеуметтік-биографиялық сипаттамасына: білім деңгейіне, ана тіліне, тілдік дағдылардың қалыптасу орнына қатысты біршама міндеттерге бөлінеді (<https://online.zakon.kz/>).

Сөздің ретінде айтсақ, бұл сараптама тек туындылардың авторлығын анықтау үшін ғана пайдаланылмай, зерттеу және дәлелдеу мәні болып табылатын хат алмасулардың авторлығын анықтау үшін де пайдаланылады, сондықтан осы сараптаманың міндеттері әлдеқайда кең.

Бұйрықтың 66-параграфына сәйкес сот автортану сараптамасының шешетін сұрақтары анықталған:

- нақты бір адам құжаттың (атауы мен деректемелері) авторы болып табыла ма;
- нақ сол бір адам бірнеше құжаттардың (немесе бір құжаттың бірнеше үзінділерінің) авторы болып табыла ма;

- құжат авторының сауаттылық деңгейі мен жазу-сөйлеу сипатындағы дағдыларды меңгеру дәрежесі қандай;

- қолжазба жазу-сөйлеу дағдысын әдейі бұрмалаумен орындалған ба;

- адам құжат мәтін кәдімгі емес психофизиологиялық күйде құрастырған ба;

- даулы мәтіннің авторының жынысы мен шамамен алғандағы жасы қандай (<https://online.zakon.kz/>).

Дегенмен сараптама тағайындау кезінде назар аударған жөн нәрсе – бұл сарапшының алдына қойылған сұрақтардың дұрыс тұжырымдалуы.

Е.И. Ермолованың пікірінше, сәйкестендіру сараптамасын тағайындау кезінде сұрақтарды келесідей тұжырымдау керек.

1. Біріншісі тиісінше «Ирина Николаевна, сіз сайлаушыларға Матвей Сидоров туралы не айта аласыз?» және «дауыс беру күні сайлаушыларды «Мені жақсы көретіндердің бәрі – соңымнан еріндер!» деген үндеумен көтеру керек» деген сөздермен, екіншісі тиісінше: «Сегізінші желтоқсанда қалада «Восьмерка» ЖШҚ салтанатты ашылуы өтті...» және «...«Восьмерка» ЖШҚ өнімдері нарықта көшбасшы орынға ие болады» деген сөздермен басталатын және аяқталатын екі жазбаша мәтін кімге тиесілі – бір авторға ма, әлде әртүрлі авторларға ма?

2. Тиісінше «Сәлем! Ал біз бұл жерде сенсіз уақытты әбден жаман емес өткізіп жатырмыз...» және «...мен ойлаймын, біз жүздесетін сәт те әбден жақын емес» деген сөздермен басталатын және аяқталатын жазбаша мәтіннің авторы кім – жазбаша тілінің еркін үлгілері бізге салыстыру үшін ұсынылған азамат И. ма, әлде өзге тұлға ма?

3. Даулы жазбаша мәтіндерде мәтіндік сәйкестіктер бар ма: тиісінше «Ирина Николаевна, сіз сайлаушыларға Матвей Сидоров туралы не айта аласыз?» және «дауыс беру күні сайлаушыларды «Мені жақсы көретіндердің бәрі – соңымнан еріндер!» деген үндеумен көтеру керек» деген сөздермен және тиісінше: «Сегізінші желтоқсанда қалада «Восьмерка» ЖШҚ салтанатты ашылуы өтті...» және «...«Восьмерка» ЖШҚ өнімдері нарықта көшбасшы орынға ие болады» деген сөздермен басталатын және аяқталатын? (Ермолова 2011, б. 44).

Бұл мысалда туындының нақты мәтіні авторлық сараптаманың зерттеу нысаны болуы тиіс екенін байқауға болады.

Сот-сараптамалық психологиялық-филологиялық зерттеуге келетін болсақ, сарапта-

маның осы түрі Бұйрықтың 46-параграфында көзделген.

Бұйрықтың 331-тармағына сәйкес, сот психологиялық-филологиялық сараптамасы – автордың ауызша және/немесе жазбаша сөздер арқылы әртүрлі хабарламаларды қалыптастыру мен жеткізудегі жеке ерекшеліктерін анықтау мақсатында әртүрлі мәтіндік материалдардың нысанын және мағыналық мазмұнын, сонымен қатар қарым-қатынасқа қатысушылардың коммуникативтік өзара іс-қимылдарының ерекшеліктерін де зерттеуге бағытталған тәжірибелік қызмет саласы (<https://online.zakon.kz/>).

Бұйрықтың 332-тармағына сәйкес, осы аталған сараптама түрінің объектілері мәтіндер, сөздер, дискурс болып табылады.

Психологиялық-филологиялық сараптаманың тікелей объектілері болып мыналар табылады:

- қазіргі заманғы полиграфия құралдарының көмегімен түсіріліп алынған мәтіндер, сонымен қатар интернет-қатынасы: кітаптар, кітапшалар, бұқаралық ақпарат құралдарында басылатын жарияланымдар, нақты адамға немесе бір топ адамға арналған үнқағаздар, плакаттар түрінде орындалған хабарлар;

- әртүрлі аудио-, бейне жазбалар;

- дербес компьютерлердің жадындағы, компакт-дискілердегі, флеш-карталардағы, басқа да электрондық тасымалдағыштардағы, сондай-ақ «Интернет» жүйесінің беттерінде берілген мәтіндік файлдар және/немесе олардың басып алынған түрлері;

- ауызша немесе жазбаша тіл құралдарымен – хаттар, сөз сөйлеу, аудио- бейнежазбалар арқылы орындалған нақты тұлғаға жеке хабарлама, сондай-ақ әр түрлі техникалық құралдардың көмегімен орындалған (телефонмен сөйлесу);

- белгілі бір даулы жағдайларда мағынасыздықты сипаттайтын жеке тіл құрылымдары мен/немесе сөйлемшелері (<https://online.zakon.kz/>).

Бұйрықтың 333-тармағына сәйкес, психологиялық-филологиялық сараптаманың міндеттерінің бірі мыналар болып табылады: мәтіннің, жеке сөздердің ортақ бағытын анықтау, олардың сипаттамасы; авторлық жеке ұстанымды жеткізудің ұғынымдылығы тұрғысынан алғандағы баяндалудың нысанын анықтау, мәтінде жасырын, жанама мағынаның бар/жоқтығын анықтау; пайдаланылатын баяндау нысаны мен сөйлеудің сипатын, сөйлеу дағдыларын пайдаланудың дәрежесін: грамматикалық, стилистикалық, синтаксистік және тағы басқа зерттеу (<https://online.zakon.kz/>).

Сараптама жүргізу мәселелерін талдай отырып, сын-қатерлерге жауапты азаматтық құқық доктринасы ғана емес, сот сараптамасы мен қылмыстық құқық та тұжырымдауға тиіс екенін атап өткен жөн.

Рецензиялау рәсімі шеңберінде тең авторлыққа мәжбүрлеу жағдайына оралсақ, автор сот тәртібімен де осы сараптамаларды жүргізуді тағайындауды соттан сұрай алады, оны сотқа дейінгі тәртіппен жасап, сотта дәлелдер ретінде филологиялық да, автортану да қорытындыларын ұсынған жөн.

Сондай-ақ сотқа дейінгі тәртіппен нотариусқа «Нотариат туралы» ҚР Заңының 17-тарауына сәйкес жүзеге асыратын дәлелдемелерді қамтамасыз ету деген қызметке жүгіну ұсынылады, яғни автор, мысалы, журналдың электрондық платформасында орналастырылған мақаланың бастапқы материалы, рецензия және жарияланған мақала дәлелдемелерінің түпнұсқалығы мен шынайлығын, сондай-ақ автор мен журнал редакциясы арасындағы хат алмасуларды тіркейді.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының 10-бабының 1-тармағында тең авторлық институты қарастырылған және екі немесе одан да көп адамның (тең авторлардың) бірлескен шығармашылық еңбегімен жасалған туындының авторлық құқығы, мұндай туындының бөлінбес біртұтас болуына немесе әрқайсысы өз алдына жеке мәнге ие бөлімдерден тұратындығына қарамастан, тең авторларға тиесілі болады деп белгіленген (<https://online.zakon.kz/>).

Автор туындыға қандай үлес қосса да, аз болса да, оның туындыны жасаудағы еңбегі шығармашылық сипатта болған және тек қана техникалық көмек көрсетуден тұрмаған немесе тұлға туындымен ешқандай байланысы жоқ жосықсыз тең автор болмаған жағдайда, ол туындының тең авторы болып табылады. Егер тең автордың шығармашылық еңбегі басқа тең автормен салыстырғанда әжептәуір аз болса, туындының осы бөлігінің дербес мағынасы бар ма және қалған туындыны мағыналық түсінуге нұқсан келтірмей, осы бөлікті туындыдан бөліп алуға бола ма дегенді басшылыққа алған жөн. Егер солай болса, онда бұл жағдайда бөлек тең авторлық туралы айтуға болады (Боков & Старикова, 2023, бб. 488-495)

Тең авторлық деген айтарлықтай жиі кездеседі, бірақ мұндай ынтымақтастықтың негізін ең алдымен еріктілік, бірлескен жұмысқа авторлардың еркі мен еркін білдіру бостандығы, шығар-

машылығы негізінде қосу қалауы тиіс, әйтпесе құқықтық қатынастар қылмыстық-құқықтық жазықтыққа ауысады.

